
РЕЦЕНЗИЯ

С. ЖОЛДАСБАЕВ

ТҮРКІ ДӘУІРІН ТЕРЕҢ ДЕ МАЗМУНДЫ ЗЕРТТЕУГЕ ҚОСЫЛҒАН ҮЛКЕН ЖАҢАЛЬІҚ

В статье рассматриваются
китайские источники, описавшие жизни
тюркского периода (VI-X вв.).

Makalede Çin kaynaklarındaki türkler
hakkındaki malzemyeler ele alınmıştır (VI-X yy.).

«Ұлы түркі қағанаты Қытай деректері мен түсініктөр» атты бұл кітап 2006 жылы ҚХР Шыңжаң жастар-өрендері баспасынан шыққан. Шыққанына үш жылдай болып кептеу шікір жазылып отыр. Кеп болса да еш болмасын дег жазып отырымыз. Өйткені халқымыздың түскі тарихын зерттеуде кітапта жазылған Қытай деректері басқа елдердің мағлұматтарына қарағанда құндылығы жағынан өте жоғары. Олай болатын себебі түркілердің рулық, тайпалық, ұлыстық, мемлекеттік дәуірлеу кезінен бастаған, Қытай патшаларымен қоян-қолтық қарым-қатынас жасап бірде жеңіп, бірде жеңіліп қатар өмір сүруі. Міне, сол кездегі жағдайлар Қытай патшаларының жылнамаларында жазылып отырган. Олар біз үшін еліміздің түскі тарихын жазып қашына келтіруде табылmas, алтынмен тәң дүниелер. Әрине бұған дейін де Қытай деректері орысшаға (Н.Я.Бичурин, В.Н.Кюнер, Ю.А.Зуев т.б.) аударылып тарихымыздың түскі дәуірін зерттеуге себебін тигізген. Ал бұл кітаптың ең басты құндылығы таза қазақша аударылуы. Түркілердің әдет-ғұршы, салт-санасы туралы орысша жеткілікті түсінік берілмейтін терминдердің қытайшадан тікелей қазақшаға аударылуы, мағынасы өз қалшында берілуі түркілердің халқымыздың тікелей, олардың жалғасы екендігі көрсетеді. Әдет-ғұршыстағы ұқастықтар халқымыздың халық болыш қалыштасу тарихының түп-тамыры ғасырлар теренінде өмір сүрген түріктерде жатқандығын көрсетеді.

Кітапқа Қытай деректерінен 13 жылнама қазақшаға аударылып берілген. Оны аударуға ШҰАР қоғамдық ғылымдар академиясының ғылыми қызметкерлері қатынасқан. Ал кітапты құрастырып деректерді сұрыштау, аудару ғылыми түсініктөрді жазу, ономастикалық атаулардың сөздігін дайындау жұмыстарын Шадман Ахметұлы дайындаған.

Кітапта түріктердің түрік атауының пайда болуынан, Ұлы қағанаттық дәрежеге көтерілуіне дейінгі тарихи жағдайлар Қытай деректері бойынша қамтылған. Қытайлар қалыштасқан дағды бойынша түрік атауын «тужюе» деген бір ғана мағыналық атаумен шектелген. Ал түрік атауының азыздарда айтылуына қарағанда түрік халқының пайда болуы әлдеқайда бұрын болғандығы деректерден байқалады. Мұны деректерде түріктердің өз атымен белгілі болғанға дейін-ақ ұлыс-ұлыстарға бөлініп тұрған.

С. Жолдасбаев. Түркі дәуірін терең де мазмұнды...

Жаунама жылнамасының 50 бума 42 баянындағы түркі [1] шежіресінде, түрік сөзінің пайда болуымен әulet есімінің қалай Ашына аталғандығы жайлы ақызы көлтірілген. Онда өз алдына ұлыс болыш отырған бір елді көршілес бір мемлекет талқандап кетеді де халқын түгел қырып, бір 10 жасар баланы баласыныш өлтіруге қимай аятын кесіп, шалғынды кең далага тастап кетеді. Оны бір қаншық қасқыр етпен асырайды. Бала ержетіш қасқырмен жақындасады. Баланың тірі екендігін естіген жау елінің ханы оны өлтіруге тағы да адам жібереді. Жіберген адам баланың жанындағы қасқырды көріп оны да өлтірмек болады. Алайда қасқыр қашып құтылып бір таудың үнгіріне тығылады. Ол сол үнгірде он ұл туады. Эрқайсысының өз науғасы болады. Ашын - солардың бірінің науғасы еді. Олар өсіп ержетіш үнгірден шығып нөнелерге (аварларға) Қазақстан тарихының академиялық басылымының I т. 296 б. осылай аталған) бағынады. Алтынтаудың күнгейін мекен етіп (Қазақстан тарихының академиялық басылымының I т. 296 б. осылай аталған), нөнелерге (аварларға) темірші болды. Кітаптың бірінші бетіндегі Қытай суретшілерінің салған түркі теміршілерінің суреті, Қазақ теміршілерінің темір ұстаханаларынан ешбір айырмашылығы жоқ. Біз мұндай ұстаханаларды Жетісу жерінде жүргізілген палеоэтнографиялық зерттеу кезінде қазақ қыстауларының жанынан тауып зерттегенбіз. Алтынтаудың шіліні дұлығаға келіңкірейтін еді. Олар өз тілдерінде дұлығаны «түрік» дейтін. Осылайша бұл сөз олардың халық атауы болыш қалған.

Дәл осы дерек Сүйнама жылнамасының 84 бума 49 баянында түркі [1. 65-66] шежіресінде қайталанады. Бірақ мұндағы бір ерекшелік «он ұлдың біреуінің есімі Ашына еді. Ол өте ақылды болғандықтан оны хан көтерген. Ол өзінің тегін ұмытпайтындығын білдіру үшін бөрі басы айшықталған туын қақпасына іліп қоятын».

Бұл ақызда Солтүстіктегі әuletter тарихының 99 бумасының 87 баянында қайталанады [1.92-93]. Мұндағы бір ерекшелік Ашынадан кейін Ақын шадтың II.б. ол өз ұлысын басташ үнгірден шығып нөнелерге бағынышты болуы. Уей патшалығының кезінде Елтеміш (ел болу деген ұғым) қаған кезінде құшпейіп нөнелерге қарсы тұруы баяндалған және осы ақызы Жалпы жарғы жылнамасының 197 бума Шекара қорғанысы 13, түркі [1] шежіресінде [1. 311-312] қайталанады. Бұл ақыздағы ерекшелік түріктердің арғы аталары ғұндардың солтүстігіндегі Сақ елінен шыққандығы. Олардың ұлыс абасы Абамбек деп аталуы. Ол 17 ағайынды болған. Оның бірі Іді Нышидада ол қасқырдан туған. Бұл екі әйел алған ... оның бірі бір жолда 4-төрт ұл ташқан. Оның үлкенінің аты Нағыд Түрік шад болған. Халқы оны қолшеметтеп өздеріне көсем етіп, оған Түрік деген атақ береді. Түріктің балаларының барлығы шешелерінің әulet есімімен аталған. Ашына солардың біреуі. Оның лауазымы Ақын шад деп аталады. Ақыздардың айтылуы өзгеше болғанымен түріктердің арғы тегі қасқырдан пайда болды дегенге саяды [1].

314]. Эрине бұлай болуы мүмкін емес, бұл ақыздағы шындықтың түбі ол түріктердің тотемі ретінде қасқырга табынуынан пайда болған. Қазақтарда осы күнгө дейін қасқырга табынушылық бар. Мәселен, қасқырдың атын тұра атамай оны «Бері» немесе «Иткүс» деп атауы. Ал жас балаларға, не жақсы аттарға көз тимесін деп қасқырдың терісінен не көзінен кесіп алыш тұмар жасап тағыш қою әдет-ғұршы осы күнгө дейін сақталып жүр.

Енді ақыздардағы түріктердің тұрғын жерлері мен пайда болған рутайшалары туралы деректерге тоқталып көрейік. Ұинма жылнамасында түріктер – ғұндардың өзге бір тармагынан таралады десе екінші бір жерінде «Түріктердің аргы аталары ғұндардың солтүстігіндегі сақ елінен шықты» дейді. Мұндағы ғұндардың өзге бір тармагынан шықты күмән келтіруге болмайды. Өйткені түріктер қытай жазбаларына іліккен кезде ғұндар тарих сахынасынан әлде қашпан кеткен. Себебі ғұндар тарих сахынасынан кеткенімен олардың туыстығы тарих сахынасынан кетпейді. Ал түріктерді ғұндардың солтүстігіндегі Сақ елінен пайда болған дегенге де құлақ қоюға болады. Жетісу аймағындағы сақтарды зерттеген т.ғ.д. археолог К.Ақышов оларды «Тиграхауда» сақтары [2] деген шікірге келген. Сақтарда ғұндардың бір түрі деп қараймыз. Соңдықтан бұл ру-тайшалар туыстас бір кезде пайда болыш елдік дәрежеге көтерілген кезде жан-жаққа тарай бастаған. Ал Сүиная жылнамасында Түріктердің аргы аталары «Пицляңда» тұрған кірме хулар еді» дейді. Бұл хулар деп қытайлар ғұндарды жаратпаған түрде айтыш түріктерді де соларға теңеп отырғаны. Ал соңғы Уей әулетінің патшасы Тәй-у «сақтарды» жойғанда Ашына 500 отбасымен нөнелерге кірімталь болды» дегенге қарағанда сақтармен көрші отырған түріктер туралы айтылып отырғандығы байқалады. Бұл хабарлардан да байқалатыны ғұн, сақ, түрік тайшаларының көрші отырған ежелгі дәуірлерден көршілес туыстас тайшалар екендігіне дау жок.

Солтүстіктең әулеттер тарихының жылнамасы бойынша да түріктерді ғұндардың өзге бір тармагы болса керек дейді. Ал екінші бір жерде Түріктердің аргы аталары ғұндардың солтүстігіндегі Сақ елінен шыққандығы және қайталанады. Қайталану олардың түп негіздері туыстықты байқатса керек. Ал Жалпы жарғы жылнамасы VIII ғасырдың екінші жартысымен IX ғасырдың аралығында жазылған тәрізді. Қайталанады.

Енді келпірілген жылнамалардағы түріктердің әдет-ғұршы, салтсанасы, мәдени жағдайлары туралы қарастырайық. Бұл мәселені де кітаптан алынған жылнамалардағы реттік кезімен жазалық. Алғашқы Жоунама жылнамасы бойынша, түріктер салты бойынша шаштарын жайып жүреді, шапанын оңдан солға қарай түймеленеді. Қытайлар солдан оңға қарай түймеленеді. Бұл екі елдің ерекшелігін көрсетеді. Ал біздерде осылай солдан оңға қарай түймелейміз гой. Бұл өзгеріс қашпан пайда болды? Түріктер күмбез пішінді киіз үйде тұрады. Судың тұнығын, шөптің сонысын куыш, көпшіл жүреді. Мал шаруаптылығымен, аң аулаумен шұғылданады. Қарттарды сыйламайды, қару-қайраты бар жастарды құрметтейді. Бұған келісуге

болмайды. Өйткені егер біз қазақтар тұріктердің тікелей жалғасы екендігімізді мойындасақ онда қазақтың ұлкенде сыйлау, күрметтеу ғұршын қайдан алдық. Соңдықтан қытайлардың бұлай айтулары шындыққа жанаспайды. Ар-ұяты кем, ежелгі ғұндар сияқты әдел-иба, әділдік дегендерден жүрдай. Мұндай шікімен де келісуге болмайды. Елбасыларын алғаш таққа отырғызғанда жасауылдары мен мәртебелілері оны кигізге отырғызып, құн қозғалысы бағытымен тоғыз рет айналады. Әр айналғанда Қарашибалар (қарашибал жәй адамдар - С.Ж.) оған тағым етіп отырған. Мұнан кейін оны атқа мінгізіп, мойның торғынмен орап демі үзілмейтіндей дәрежеде қылқындырады, «неше жыл қаған боласың?» деп тосын сұрайды. Есендіреген елбасы нақты айтальмайды... Бұл сұрауга мәртебелілер шамамен жауап беретін. Ең ірі ұлығы яғбу, одан кейінгісі шад, одан кейінгісі тегін, одан кейінгісі елтебір, одан кейінгісі тудынбер барлығы төмөнгі шендермен қосқанда 28 дәреже. Мұндағы елбасын сайлау туралы жазылған дерек біздің халқымыздығы хан сайлаумен ешбір өзгеріссіз бірдей деп айтуда болады. Бізде ақ кигізге отырғызады. Ал әлеуметтік сатылардың атаулары өзгеріске түсken. Олардың 28 дәрежеде болуы тұrіктерде мемлекеттік басқарудың болғанын толық көрсетіп тұр. Қаған Өткен (Монголия жеріндегі Қаңғай тауы) тауында тұргылықты. Оның ордасының есігі шығысқа қаратылады. Бұл күннің шығуына еткен құрмет болуы керек. Мұндай әдет - есікті шығысқа қарату қазақтарда бар. Олар жыл сайын өзінің мәртебелі адамдармен аталарының үнгіріне барып құрбандық шалады. Ал мамырдың оргасында Тарын өзенінде көк тәңіріне тасаттық беріш табынады... Тұrіктердің жазулары хулардікіне үқсайды (сақтарды айтады). Бізде табылған Алтын киімді адамның жанынан табылған жазуды тюроколог А.С.Аманжолов сақтардікі деп оқыған. Шамасы тұrіктер жазуды сол сақтардан жалғастырған болу керек. Бірақ жыл қайырып, құн есептеуді білмейді де жердің неше рет көктегені бойынша жыл есебін шығарады. Бұл да дұрыс емес, тұrіктер жыл қайыруды жаксы білген.

Деректерде тұrіктердің қару-жарактары туралы жазылған ол қазақтардікімен бірдей. Туларына берінің басының суретін салыш қояды, жасауыл сарбазды бөрі деп атаған. Бұл бөріге тотем регінде табынуды көрсетеді. Алтын үшты жеңе мен балауызды мөрді күәлік ретінде пайдаланған. Тұrіктер өздерінің ата заңдары бойынша; бұлік шығару, кісі өлтіру, біреудің әйелін зорлау, тұсалған аттың тұсамыс шідерін бұзып ат үрлау өлім жазасымен жазаланған. Біреудің қызын зорласа, оған заттай ауыр айыш төлетеді және оған сол қызға үйленуге мәжбүр етеді. Адамды үрш закымдағандар закымның ауыр-жеңілдігіне қарай заттай құн төлейді. Ат немесе басқа зат үрлаушы сол үрлаган нәрсенің құнын он есе етіп қайтарады. Мұндай жазалар қазақтарда да бар. Өлген адамды киіз үйге жайғастырады. Балалары, немерелері, туыс-туғандары ер-әйел демей құрбандыққа жылқы, қой шалыш, етін әруаққа атап есіктерінің алдына жаяды да атқа мініп, үйді жеті айналып шығады, сонан үйге кірерде беттерін теміртекшен жыртып

дауыс шыгарады, қан мен жас қосыла төгіледі. Мұндай әдет-ғұрыштар біздің халқымызда XX ғасырдың 30-40 жылдарына дейін сақталған. Мен өзім бала кезімде Ұлы Отан соғысына кетіп қаза болғандарды естірткенде әйелдері бетіш жыртыш, шаштарын жүлғандарды өз көзіммен көргем... Күннің сәтін таңдаң, өлген адамның өзі мінген атың, тұтынған мұлқін оның денесімен бірге өртейді, белгілі бір мезгілде жерлейді. Қоктемде не жазда өлген адамды ағаштар мен өсімдіктердің жапырағы сарғайған кезде немесе тусе бастағанда, ал күзде не қыста өлген адамды гүлдер бүршік жара бастаған кезде жерлейді. Жерлеу кезінде өлген адамдардың туыстары дәл өлген күндегідей тасаттық беріп атпен шашқылаң, беттерін жыртады. Қабір басына тас қойыльш белгі орнатылады. Қойылған тастың саны өлген адамның тірі кезінде өлтірген адамының санына қарай болады. Жеріміздегі археологиялық зерттеулерден түрік дәүірінде адамдарның обаларында жоғарыда жазылған жерлеу ғұрыштары толық байқалған. Құрбандыққа шалынған қой мен жылқылардың бастиары түгел белгіге ілінеді. Бұл күні ерлер де, әйелдер де бір киерлерін иығына іліш қабір басына жиылады. Егер сол тоptан жігітке бір қыз ұнаса, ол қайтыш барған соң қыз үйіне құда түсуге адам жібереді. Мұндай жағдайда көп ретте қыздың ата-анасы қарсы болмайды. Экесі (ағасы) әкесінің аға бауыры қайтыс болса, баласы, інісі және аға бауырларының баласы өгей шешесіне, жеңешесіне, жеңгесіне үйлене береді. Тек ұлкендері өздерінде баласы есепті адамдардың жесірмен шатасуына болмайды. Қазақта әменгерлік деген салт осы түріктерден сақталған төрізді. Олардың тұрақты орын тәркен мекені жоқ. Бірақ әрқайсының өздеріне тиесілі жерлері болады. Бұл жерде жартылай көшшелі өмірді көруге болады. Өздеріне тиесілі жері деп жазылуы жазда, қыста тұрақты, жаз жайлауы, қыс қыстаулары болғандықты көрсетеді. Ал күз, қоктемде де өздерінде тиісті көктеу-күзеулерінде отырыш, көктеуде мал төлдетсе, күздеулерінде мал қырқыш қойларын күйектен өткізген. Ал мұндай өмірді түсінбеген қытайлар мен Европа ғалымдары түріктерді де, қазактарды да жашпай көпшіл жүрген деп жазады.


Түріктердің әдет-ғұршы Суйнама жылнамасында да қайталанады. Мұнда түріктердің ет жеп ақ ішетіні, теріден тігілген, жұннен тоқылған киім киетіні айтылады. Қару-жарақта мүйізбен нақышты садақ, ыскырма оқ, сауыт туралы қосылған. Мүйіз нақышты садақ төрізді сүйекпен нақышташ жасалған садақ Алматы қаласы жанынан түрік обасынан табылған. Ерлері Чупу дейтін ұтысты, әйелдері доп ойнаганды ұнатағы. Чупу ағаштан жасалып, сүйек-мүйізбен әшпекайленген бес таспен ойнағандықтан «бесағаш» деп те аталады. Ал доп былғарыдан тігіліп ішіне жұн толтырылып, теуіш ойнайды. Суйнамада түріктердің қымызды мас болғанша ішетіндерін, одан кейін даурығыш елең айтатындарын жазған. Бұл қазақтарда болатын жағдай. Жыншайтан дегендерден қорқады, әруақты сыйлайды, бақсыға сенеді. Соғыста өлгенді даңқ, ауырыш өлгенді намыс санайды. Олардың салты жалпы ғұндармен бірдей.

С. Жолдасбаев. Тұркі дәуірін терең де мазмұнды...

Солгүстіктегі өулеттер тарихының жылнамасындағы деректер де қайталау. Мұнда қабірдің басына қада орнатылып, үй тұрғызылады, үйдің ішіне өлген адамның бейнесі және оның тірі кезінде өткізген шайқастары бағындалған суреттер салынатыны туралы жазылған. Бұл хабарға қарағанда тұріктерде сурет салу өнері болғандығы байқалады. Жазулары хулардікіне ұқсайды деп жазылған. Бұл туралы жоғарыда жаздық.

Жалпы жарғы жылнамасындағы деректерде қайталағанады. Мұнда да тұріктердің салты байыргы ғұндармен бірдей дейді. Алайда жазуы жоқ деп жазған. Ал кейбір деректерде жазуы хулардікіне ұқсас делінген. Қагашың Өткүен тауышда тұрғылықты тұратыны және қайталағанады. Оның жыл сайын өзінің мәртебелі адамдарын бастаған, аталарының үңгіріне барып құрбан шалатындығы, ал мамырдың ортасында Тарын өзенінде көк тәңіріне тасаттық беріп табынатындары жазылған. Сонымен тұріктердің көкке, тәңірге табынуы ата-бабалар әруағына сыйыну сияқты діни наным-сенімдердің бүгінгі халқымызда сақталуы әдет-ғұрыштың ежелгі дәуірлерден бері қарай сақталып келе жатқанына ешбір дау жоқ. Қазақ халқында тәңір берсін, көк жарылқасын деп алғыс айтса, Тәңірберген деген атта қойылған. Ал қарғаса көк соқсын, тәңірбүйірмасын деп реніш білдірген.

Кітапта тұріктер мен қытайлар арасындағы саяси қарым-қатынастар туралы деректер ете ырғын берілген. Материалдар тұріктердің ұлыс-ұлыс болыш тұрган кезінен мемлекеттік дәрежеге көтерілген кезіне дейін, одан батыс, шығыс Қағанат болыш боліну кездеріндегі қытай елімен болған саяси және әлеуметтік қатынастардың мән жайы толық беріліп отырған.



1-сурет.



2-сурет.

Түріктер мен қытайлар арасындағы қарым-қатынас 545 жылы басталған. Оны Қытайдан түрік ұлсына келген елшілктен байқауға болады. Қытайдың Тәйзу патшасы түріктерге өзінің елшісін жібереді. Осы елшіні түрік елі зор қуанышпен қарсы алып былай дейді: «Бүгін ұлы қағаннан (Қытай патшалығын айтыш отыр) елші келді, енді еліміз көркейетін болды» деп түркілердің ел-жүрті бірін-бірі құтықтаған қуанған. 546 жылы Тамын жергілікті бұйымдарын Қытай патшасына таргу етуге елшісін жіберген. Міне осы кезден бастап екі елдің арасында дипломатиялық байланыс басталған тәрізді. Тамын біздің академиялық баспадан шыққан «Қазақстан тарихының I томында орхан жазуы бойынша «Бумын» аталып жүр. Осы Тамын Анагүйді жеңген соң өзін «Елтеміш» қаған деп атаған, ол ел қағаны деген сөз. Бұл ғұндардың «Тәңіркүтімен» бірдей. Ал тәңіркүты деген сөз «Тәңір ұлы», «Кектің ұлы» деген мағына береді. Ал Тұмын қаған өзінің әйелін «Қатүн» деп атаған. Бүгінде қазақтар «қатын» сөзін «әйел» сөзімен сышайы түрде айтыш жүр. Деректе қатын сөзі ежелгі «Әтшеге» тен дейлген. XIX-XX гасырдың басында «Әтшеге» сөзі айтылатын, бүгінде әдеби шығармаларда «Әтшесі» әйелі деген сөздер кездесіш қалады. Біздің «тәңір», «қатын», «әтшеге» сөздерін ғұндардан түріктерге, түріктерден бізге дейін жетіп айттылып журуі халқымыздың түп негізі қайдан басталатынына ешбір дау болмайтындығын көрсетеді.

Алайда аңыз бойынша түріктердің пайда болғаны және олардың тарихын Ашынадан бастау шындыққа тура келмейді. Өйткені жылнамалардың бірінде түріктер ғұндардың өзге бір тармағынан таралады десе, екінші бір деректе ғұндардың солтүстігіндегі сақ елінен шыққан делінеді. Ал Суйнама жылнамасында «кірме хулар» еді дейді. Бұл

С. Жолдасбаев. Түркі дәуірін терең де мазмұнды...

деректерден шығатын тұжырым түріктердің ғұндардың туыстас аталас рутайшалар болғандығын көрсетеді. Түріктердің қытай жазба деректеріне кейін түсінің ғұндар тарих сахынасында беделі күшті болыш тұрған кезде түркілер еленбекен, ол кезде олардың аты да анызға шықпаған. Ал ғұндар солтүстік батысқа қарай ауганда, тарих сахынасына түріктер көтерілген деген ой туады. Енді олар нөнелерге бас көтеріш, өздерінің тәуелсіздігіне ие болғаннан кейін ұлы қорғанға қарай жылжып ғұндардан босаған жерлерге ие болыш Қытай патшаларымен қарым-қатынас басталады. Оны Бумын қағанның Қытай патшасының қызына үйленуінен байқауга болады. Бұдан кейін түрік қағандары да Қытай патшаларының қыздарына үйленіп саяси қарым-қатынас үзілмеген. Қытайдың Жоу Чи патшалықтары Таспар қағанмен қарым-қатынас кезінде оған (Таспар қағанға) жақсы көріну үшін бірімен-бірі бәсекелесте болыш, оған (Таспарға) сыйлық ретінде қазыналарын аямаған. Бұған масаттанған Таспар қол астындағыларға «Күңгейдегі екі ұлым (екі патшалықты айтады) аман болса, маған деген адалдықтарынан айнымаса еш нәрседен кемдік көрмеймін деген мақтанушы еді».

Түрік қағанатының екіге бөлінуі Мұқан қағанның ұлы Төременнен басталса керек. Осы бөлінуден кейін бұлар да Қытай патшасына жағыну үшін өздерінің сый-сыраштарын жіберіш, қолдау көрсету үшін күш сұрап отырган. Қытай патшалары түріктердің мұндай сұраныстарына қолдау көрсетпеген. Бірақта екеуінің бірігіш кетпеуіне көңіл бөліш, олардың іс-әрекеттеріне бақылау жасап отырган. Ал түрік қағандарына қыздарын бергенде оларды жансыздар ретінде ұстаған. Мұндай әрекет Үйсіндер кезінен белгілі. Егер патшалар өз қыздарын бергісі келмесе не қыздары болмаса онда өз сарайларындағы қыздарды өз қыздары деген ұзатыш, оларға жансыздық жасау жолдарына әдіс-тәсілдерді үйретіш жіберіш отырган.

Түрік қағандарының күштерін Қытай патшалары өздерінің көрші елдеріне жорық жасағанда пайдаланып отырган. Мәселен Кореяға аттанғанда түрік қағандары Қытай сарбаздарымен бірге болған.

Кітапты пайдаланғанда кездесетін қындықтар: Біріншіден қытай мен түріктер арасындағы жақын тұрған жерлердің картасын берген дұрыс болар еді. Өйткені жер аттары берілгенде олардың қай жерде екендігін білу мүмкін емес. Екіншіден қытай патшаларымен түрік қағандарының кестесін берген дұрыс болар еді. Өйткені қайсы патшаның кезінде қайсы қағанның қатар болғанын білш кестеден қараң отырган кітаптың ғылыми жағын игеруге ынғайлы болар еді. Үшіншіден кітапта қазақша түсінуге қыын сөздер көштеп кездеседі. Сол сөздердің жанына жақшаның ішіне түсінікті сөздерін жазу керек еді. Мәселен: 98 б. «Шырамана», «Вишакака», «Копшір», «Наз науша», (105 б.) «Тұрбасы болған», (160 б.) «Жынгуау» (160 б.), «Наугасы» (160 б.), «Құмбел» (23 б.), «Аңкос» (264 б.), «барануас» (267 б.), «Төбенай» (255 б.), «Жебеуіл» (255 б.), «Көктеуіл» (254 б.), «аду тоқсауы» (254 б.), «бесіркін» (254 б.). Мұндай қыын сөздер көштеп кездеседі. Осы сөздердің жанына жақшаның ішіне түсінікті қазақшасын жазса жақсы болар еді.

Мұндай кемпіліктеге қарамастан бұл кітаптың халқымыздың тарихын зерттеушілерге берер пайдасы өте зор. Екінші бір ескертетін жағдай түрік зираттарынан шыққан археологиялық материалдардың суреттерінің берілуі қазақ халқымынан бұйымдарымен ұқсастығы бір өзеннің екі жағасындай бірін-бірі қайталап отыргандай. Әсіресе түркі белбеулері мен үзенгілері (С) бір-біріне өте ұқсас. Ал Қытай суретшілерінің салған түрік теміршілерінің суреті (С) дәл XIX-XX ғасырлардағы қазақ темір ұсталарының ұстаханаларынан ешбір айырмашылығы жоқ. Ондай ұстаханаларды мен өзім бала күнімде XX ғасырдың 50-жылдарында ауылымыздан көрген едім. Ал Жетісу аймағында археологиялық зерттеу жұмыстарының кезінде сондай ұстаханалардың орындарын тауыш зерттегенді.

Қорытындылай келгенде түркілер дәүірінен қалған рухани, мәдени, материалдық, әдет-ғұрыш, салт-сана біздің халқымызда толығымен сақталған. Сондықтан да халқымыздың халық болыш қалыптасуы, оның түп-тамыры ежелгі түркілерден қалыптасып бізге жеткендейміз. Қытай деректерін алғаш рет қазақшаға аударып қазақ тарихшыларына мүмкіндік туғызған ғалымдарға үлкен раҳметімізді айтамыз.

ӘДЕБІЕТТЕР

1. Ұлы Түрік қағанаты. ҚХР Шынжан жастар ерендер баспасы. Үрімжі 2006, 27-28 бб.
2. К.Ақиșев, Кушаев. Древная культура саков и усуней долине реки Или. А., 1963

REZUME

ZHOLDASBAEV S. (Turkistan)
**BIG NEWS FOR SUBSTANTIAL AND DEEP STUDYING THE TURKIC PERIOD
(VI-X cc.)**

The article deals with the Chinese sources describing lives of Turkic period (VI-X cc.).

МАЗМУНЫ, СОДЕРЖАНИЕ, ІСЕРІК, CONTENTS

ТІЛ ТАРИХЫ ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫМЫ

<i>Бекжан О.</i> (Түркістан)	Есік жазуына 2009 жылғы түзетпе жөне ондағы жаңа ұсақ жазудың мағынасы Поправки к чтению Иссыкского письма, исполненные 2009 году, и значение новоизвестных неизвестных мелких письменных знаков на серебряной чашечке.	3-35
<i>Bekjan O.</i> (Türkistan)	Esik yazısına 2009 yılında yapılan düzeltme ve ondaki Küçük yazılının anlamı Executed in 2009, and the importance of these newly unknown small characters written on a silver cup	
<i>Жұмагұлов Җ.</i> (Қыргызстан)	Некоторые вопросы интерпретации Таласских памятников древнетюркской письменности Көне түркі жазба ескерткіпі Талас жазуын зерттейдің кейбір мәселелері	36-47
<i>Jumagulov Č.</i> (Кыргызстан)	Eski Türk yazılarından Talas abidelerinin bazı meseleleri Some questions interpretation Talas monuments of the ancient turkic writing	
<hr/> ТІЛ ТАРИХЫ ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫМЫ <hr/>		
<i>Манчурина Л.Е.</i> (Якутск)	Стилеобразующие конструкции устного поэтического синтаксиса якутских алгысов: <i>обращения</i> Якут ауыз әдебиетіндегі поэтикалық синтаксис күрамындағы алғыс-қаратшалардың ауыз әдебиетінің жанрлық стилін айқындаушы құрылымдары	48-56
<i>Manchurina L.E.</i> (Yakutsk)	Yakut sözlü edebiyatu poetik sentaksisindeki şükran ve hitap kelimelerinin sözlü edebiyattaki janr tarzını belirten bünyeleri Stylistics constructions of oral poetic syntax Yakut alrys: references	
<i>Құмарұлы Я.</i> (Үрімжі)	«Кас» (каш) тубірі жөне өзен-су аттары	57-66
<i>Qumaruly (Urumci)</i>	Корень «кас» (каш) и названия рек и озер Has (Haş) kelimesi ve nehir, su adları The root of 'kas' (kash) and names of rivers and lakes	
<i>Байниязов А.</i> (Түркістан)	Түрк тілдері сөздіктерінде етістіктердің атап сөз репінде берілу жайы О видах и способах передачи глаголов в реестрах тюркоязычных словарей	67-71
<i>Baynizayev A.</i> (Turkistan)	Türk Dilleri Sözlüklerinde Fillerin Madde Başı Olarak Verilmesi Üzerine The usage of verb items in dictionaries of turkish languages	
<i>Жұмашова Ж.А.</i> (Алматы)	Жеті ата тіркесімен келетін тұрақты сөз тіркестерінің ағылышын тіліне аударылу мәселесі Проблемы перевода на английский язык устойчивых словосочетаний встречающихся с сочетанием жети ата "Yedi dede" tamlaması ile verilen söz takımı ingiliz diline tercüme etme meselesi Problem of translation of stable phrases into english with a combination of 'zheti ata'	72-79
<i>Jumashova J.A.</i> (Almatu)		